

Кәсіби даярлауға, қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға жіберілген азаматтардың жол жүру, тамақтану, тұру және медициналық куәландыру шығындарын өтеу нұсқаулығын бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 12 наурыздағы N 727 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Катонқарағай аудандық әділет басқармасында 2012 жылғы 05 сәуірде N 5-13-122 тіркелді. Күші жойылды - Катонқарағай аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 20 наурыздағы N 1304 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Катонқарағай аудандық әкімдігінің 20.03.2013 N 1304 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабы 1-тармағы 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 5, 7-баптарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» № 836 қаулысы негізінде, жұмысқа орналасуда қиындық көріп отырған халықтың нысаналы топтарын әлеуметтік қорғау бойынша қосымша шараларды белгілеу мақсатында, Катонқарағай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кәсіби даярлауға, қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға жіберілген табысы аз адамдар қатарындағы жұмыспен қамтылғандардың және жеті жасқа дейінгі балаларды бағып-күтумен айналысатын адамдардың және жұмыссыздардың жол жүру, тамақтану, тұру және медициналық куәландыру шығындарын өтеу нұсқаулығын бекіту туралы нұсқаулық қосымшаға сәйкес **б е к і т і л с і н .**

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары **Б . Р а қ ы ш е в а ғ а** жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен **с о ң** қолданысқа **енгізіледі.**

Аудан әкімінің міндетін атқарушы

С. Мубаракوف

Кәсіби даярлауға, қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға жіберілген табысы аз адамдар қатарындағы жұмыспен қамтылғандардың және жеті жасқа дейінгі балаларды бағып-күтумен айналысатын адамдардың және жұмыссыздардың жол жүру, тамақтану, тұру және медициналық куәландыру шығындарын өтеу нұсқаулығы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық кәсіби даярлау, қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға жіберілген табысы аз адамдар қатарындағы жұмыспен қамтылғандардың және жеті жасқа дейінгі балаларды бағып-күтумен айналысатын адамдардың және жұмыссыздардың жол жүру, тамақтану, тұру және медициналық куәландыру шығындарын өтеу мәселелері бойынша халықты әлеуметтік қорғау саласындағы заңнамалардың қолданылуын нақтылайды.

2. Жол жүру, тамақтану, тұру және медициналық куәландыру шығындарын «Катонқарағай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Бөлім) өтейді.

3. Шығын Бөлімде жұмыссыз ретінде тіркелген, кәсіптік жарамдылықты анықтауды талап ететін мамандықтар бойынша оқытуға жіберілген өтініш берушілерге, тексеру нәтижесінен тыс өтеледі.

4. Медициналық куәландыруды өтініш берушілер Бөлімнің жолдауымен өтеді.

2. Шығындарын қайтарып алуға өтініш беру

5. Өтініш беруші Бөлімге жазбаша өтініш береді және келесі құжаттарды ұсынады:

- 1) банктен дербес шот нөмірі;
- 2) теміржол көлігімен, жолаушы автокөлігімен (таксиден басқа) жол жүру құжаттарды немесе жол жүрудің құны туралы аталған тасымалды түрлерімен айналысатын мекеменің анықтамасы;
- 3) медициналық куәландырудан өту туралы төлем құжаты.

3. Шығынды өтеу мөлшері және төлеу

6. Медициналық куәландыру үшін шығынды өтеу, құжаттармен расталған тексеруден өту құнының мөлшері бойынша жүргізіледі.

7. Өңір (облыс, аудан) шегіндегі оқу орнына барып қайта қайту жолы үшін шығынды өтеу құжаттармен расталған жол жүру құны үшін жүргізіледі.

8. Тамақтануға және тұру шығындары төлем құжаттарын тапсырған соң ө т е л е д і .

9. Тұру шығындарын жартылай өтеудің төлемі оқудың аяқталуы бойынша немесе ай сайын жүргізіледі.

10. Тамақтануға шығынды өтеу ай сайын жүргізіледі.

11. Медициналық куәландыру мен өңір шегіндегі (облыс, аудан) орнына барып қайта қайту жолына арналған шығындарды өтеу құжаттар ұсынылғаннан кейін бір ай ішінде жүргізіледі.

12. Шығынды өтеу халықты жұмыспен қамту бағдарламасын орындауға қарастырылған аудандық бюджет қаражатының есебінен, өтініш берушінің дербес шотына аудару жолымен жүргізіледі.

Аудан әкімі аппаратының басшысы

Д. Алдажаров